



2 Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның өсетіктері


3 Талапты ұстаздан талантты шәкірт шығады

4 Біз «білетін» топансу



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



№133 (20207)



31 ТАМЫЗ, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті отандастар!
Сіздерді Конституция күнімен құттықтаймын!
Ата Заңымыз – кәсіпкерлігіміздің, тәуелсіздігіміздің сенімді тірегі. Конституция мемлекетіміздің заң жүзінде және саяси тұрғыдан демократия қағидағары мен заң үстемдігін ұстанатынын айғақтайды. Сондай-ақ ұзақ мерзімді даму бағдарымызды айқындайды.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен және тікелей атсалысуымен әзірленген еліміздің бас құжаты әлеуметтік-экономикалық жетістіктеріміздің және қоғамдық өмірдің барлық саласындағы ауқымды реформаларымыздың берік тұғыры болып саналады.

Конституциямыздың ұлағаты ұстанымдары экономикалық дағдарыстарды бағыт еңсеріп, болашаққа сеніммен қадам басуымызға жол ашады.

Біз азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін мызғымас құндылықтарға сүйеніп отырып, әділ мемлекет құрамыз. Басты мақсатымыз – халықтың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын арттыру.

Ата Заңымыз ел бірлігін және адамның ар-ұжданы мен абыройына қол сұғуға болмайтын негіз деп, кемсітудің кез келген түрін тыйым салу арқылы ұлттымызды ұйыстырады. Осы басты ұстанымдар баға жетпес байлығымыз – ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Тәуелсіздік рухы әрбір жолында көрініс тапқан Конституциямызға құрмет халқымызға тән отаншылдықтың арқауына айналып отыр.

Баршаның зор денсаулық, бақ-береке және мол игілік тілеймін!

Қазақстан халқына Жолдау жасайды

1 қыркүйек күні сағат 11:00-де Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдау жасайды.

Бұл туралы ҚР Президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәли желідегі парақшасында жазды. Жолдауда елдің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары туралы айтылады.

1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ



ОНЛАЙН ОҚУ: Біз не үйрендік?

«Қыркүйектен бастап оқушылар бұрынғыдай мектепке барып, дәстүрлі форматта білім алады» деген хабар мектепке асыққан баланы да, мұғалімді де қуантты. Енді ше? Былтырғы оқу жылы талай ата-анадан «мұғалім» жасап шығарды. Біразы бастауыш сыныпты баласымен «бірге оқыды». Тіпті, бұл жағдайдың кейбірі бізге де танымал. Кейде кішкентай сінлім WhatsApp-та хат жібереді. «Қазақ тілінен жаттығу орындауға көмектесші, Әселге ағылшынды жібердім, тездетіп жазсыншы» деген тапсырмасы бар. Тақырыпты сәл түсініп отырғанын байқайсың. Ережені өзің де бір қауап алып, өтінішің орындауға кіріссің.

Айдана ЖУМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Қашықтан оқу жаңа дағдыны қалыптастырды

Өткен жылдың 16 наурызында басталған білім саласындағы карантин оқу жүйесіне үлкен өзгеріс әкелді. Бір жағынан, бұл ең дұрыс шешім болды. Балалардың дені сау болуы бәрінен маңызды. Сондықтан, білім саласының өкілдерінен бастап үйдегі ата-ана да эпидемиалдың күрделенгенін түсініп, жағдайға бейімделе бастады.

Бұл оқу жылын елімізде 3 млн 400 мыңнан аса оқушы әртүрлі форматта оқып бітірді. Соның ішінде бала саны 300-ден көп емес шағын жинақты мектептердегі оқушылар дәстүрлі форматта білім алды. Ал өзге оқушыларындағы 1-5 сынып оқушыларына әлі қашықтан оқыту дағдылары қалыптаспағандықтан кезекші сыныптар ашылды. Ата-аналар мен балалар өз таңдауы бойынша кезекші сыныптарда дәстүрлі форматта оқи алды. Сонымен қатар III тоқсаннан бастап бітіруші сыныптардың (9 және 11, 12-сынып) оқушылары қорытынды аттестация тапсыратын болғандықтан дәстүрлі форматта білім алды. Интернеті нашар ауылдарда тұратын балалар үшін «Балапан», «Еларна» телеарнасын арнайы телесабактар көрсетілді.

Ойда жоқта басталған онлайн оқу балалардың жан-жақты болуына әсер етті, дегенмен оның да өз артықшылығы мен кемшілігі бар. Бұл туралы облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова онлайн жүйе оқушының жеке оқу кестесін құрастырып, кез келген уақытта білім алуына мүмкіндік бергенін айтқан еді.

— Онлайн оқу кезінде қалауына қарай білім алу мүмкіндігі туады. Оқушылар қатарластарынан артта қаламын деп қобалжымаса болады. Күрделі тақырыпты зерттеуге қайта оралуға, бейнедерістерді қажетінше қайталап көруге, мұғаліммен хат алмасып, оны кейін оқуға, білетін тақырыпты өткізіп жіберуге мүмкіндік бар. Америкалық ғалымдар қашықтан оқыту мен дәстүрлі білім беру нәтижесінің бірдей, тіпті одан да жоғары екенін дәлелдепті. Оқушылар онлайн форматта көптеген сабақты өз бетімен оқыды. Ал бұл тақырыпты түсінуге, есте сақтауға әсер етеді. Оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану оны қызықты ете түседі, — делі о.

Мектеп пен мұғалім өткен оқу жылындағы нәтижеге іштей өздері баға бере жатар. Сұхбат барысында басқарма басшысы қашықтан оқу мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де танымал көрінгенін, оған еш дайындық болмағанын да жеткізген болатын.

— Жаңа форматқа көшуде көптеген қиындыққа кезіктік. Кейбір кемшіліктеріне тоқталсам. Сыртқы бақылаусыз оқу қарқаны төмендейді. Қашықтан білім беру коммуникативтік ікемділікті дамыту үшін қолайсыз. Оқушылардың бір-бірімен, мұғаліммен байланысының аздығынан оқытудың бұл формасы сыйайлылықты, сенімділікті, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды әлсіретеді. Практикалық пәндерді өткізудің қиындығы өз алдына, компьютерлік сауаттылық мәселесі кейбір аға буын мұғалімдердің алдын кескестейді. Бәрібір мектепке барып оқығанның жөні бөлек. Балалар партасын, сыныптарын сағынды. Ұстаздар да бұрынғыдай өзара қауқылдасып жүргісі, оқушылармен бетпе-бет жолыққысы келеді. Бұл карантин ата-аналарға мұғалім мен мектептің қадірін ұқтырғандай, — делі о.

Расында да, онлайн оқыған бір жарым жыл мектепте оқудың маңыздылығын, кәсіби білікті ұстаздың артықшылығын ұғындыра түсті. Кейбіреулердің «ұстаздар үйде отырып еңбексіз алды» деуіне негіз жоқ секілді, себебі оқытушыларға деген міндет артнаса кемімелі. Тіпті бір мұғалімнің «бұрын сыныптағы 30 балаға сабақ түсіндіретін болсақ, енді оған 30 ата-ана қосылды» деп мұң шаққаны бар.

2012 жылы тәулік бойы хабар тарататын «24KZ» тұңғыш жаңалықтар телеарнасы іске қосылды. Телеарна әлемде болып жатқан оқиғалар туралы ауқымды ақпарат беріп, Қазақстанда болып жатқан жаңалықтардан хабарлар етеді.

2013 жылы Өскеменде жазушы Оралхан Бөкеевтің ескерткіші ашылды.

2014 жылы WBA (Super) және IBO нұсқалары бойынша бокстан Әлем чемпионы қазақстандық Геннадий Головкин «10 жойқын панчердің» рейтингіне енді.

2016 жылы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Астанада Қазақстанның Ұлттық хореография академиясының ашылуына қатысты.

Азаматтарды еске алып, аза тұтты

Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы адам өліміне әкеп соққан қайғылы оқиғаға байланысты ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 29 тамызды Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялаған болатын.

Азала күннің жариялануына байланысты жексенбіде мемлекеттік органдар мен жергілікті әкімдіктердің, шекаралық дипломатиялық мекемелердің ғимаратындағы Мемлекеттік Ту төмен түсіріліп, ойын-сауық шаралар мен осы бағыттағы телебағдарламалар тоқтатылды.

Ел-жұртты алаңдатқан қайғылы оқиға Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы №28349 әскери бөлімнің оқдәрі қоймасында орын алды. Жойқын жарылыс салдарынан 15 адам қаза тауып, жүзге жуық адам жарақат алса, жоғалған екі адам әлі де ізденіліп отыр. Қиын сәтте қызмет барысында жүріп қаза тапқан жандардың көбі төтенше жағдай қызметкерлері мен әскерлер.

Қазақ халқы ежелден күрделі уақытта Алладан медет сұраған. Жалпыұлттық аза тұту күніне орай Бас мүфти бастамасы негізінде аймақтағы барлық мешіттерде Құран хатым оқылып, қазаға ұшыраған марқұмдардың рухына бағышталды.

Облыстағы барлық мешіттерде имам, қари, ұстаздарымыз Құран хатым оқып, дұға жасап жатыр. Дүниеде кез келген өнер Алланың қалауымен болады дейді. Өмірден өткен барша жандарды Алла рақымсыз бөлесін. Артында қалған ұрпақтары мен туған туыстарына сабыр тілейміз. Жалпы, ел үшін жанын берген адамды шариғатта шаһит дейді, яғни дәрежесі үлкен. Енді елімізде мұндай жағдай қайталанбасын, — делі облыстық бас имамы Болатбек қажы Ұласқанұлы.

Бұл күні облыстық орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінен бөлек, қалалық «Айтбай» мешітінде, православл шіркеуінде де дүниеден өткен жандарға дұға бағышталды.

«СБ» ақпарат

ШАМШЫРАҚ

Мұғалім мәртебесі – қоғамның бет-бейнесі

Мұғалім мәртебесі – мемлекеттің мәртебесі. Ол – болашақ президенттің, ғарышкердің, ғалымның, мемлекетіміздің кез келген азаматының өмір жолына жолдама беретін тұлға. Әлемдегі барлық жаңашылдықтың бәрі осы білім-ғылым арқылы жүзеге асатыны белгілі. Міне, ең бастысы, ғылымның дамуына кейінгі жылдары жағдай жасала бастады. Ғылым дамыса, қоғам да дамитыны ақиқат.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен 2019 жылдың 27 желтоқсанында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен тұңғыш рет мұғалім мәртебесі туралы заңның қабылдануы ұстаздар қауымын бір серпіліп тастады. Елімізде жарты миллионнан аса ұстаздың ұсыныс-пікірі ескеріліп, қызу талқыланып, кем-кетігі де толықтырылды. Бұл заңның алғашқы жемісті тұстары да күнделікті өмірде көрініс табуда. Сонау тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында білім ордаларында еңбек ететін ұстаздардың көбі басқа жұмысқа ауысып, базар жағалап саудаға, құрылыс саласына кетіп қалғаны есімізде. Ал өзінің мамандығына деген сүйіспеншілігін, оқушыларға деген ыстық ықыласын бірінші орынға қоятын мұғалімдер небір қиындықтарға төзіп, қазіргі күні тоқпен тердің тәтті жемісін татуда.



3-бет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



31 ТАМЫЗ

1992 жылы ҚР Мемлекеттік қоймасы бағалы металдардың алғашқы партиясын қабылдады. Олардың қатарында «төрт тоғыздық» сапасындағы алтынның 5 кесегі және 2 күміс кесек болды.

2010 жылы Жетісу Алатауы жотасының солтүстік тау бөктерінде Жонғар-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғат паркi ашылды. Бұл аумақта «Қызыл кітапқа» енген, жойылу қаупі алдында тұрған Сивер алмасы өседі. Жонғар-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғат паркiнің жалпы аумағы – 356022 гектар.

2012 жылы тәулік бойы хабар тарататын «24KZ» тұңғыш жаңалықтар телеарнасы іске қосылды. Телеарна әлемде болып жатқан оқиғалар туралы ауқымды ақпарат беріп, Қазақстанда болып жатқан жаңалықтардан хабарлар етеді.

2013 жылы Өскеменде жазушы Оралхан Бөкеевтің ескерткіші ашылды.

2014 жылы WBA (Super) және IBO нұсқалары бойынша бокстан Әлем чемпионы қазақстандық Геннадий Головкин «10 жойқын панчердің» рейтингіне енді.

2016 жылы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Астанада Қазақстанның Ұлттық хореография академиясының ашылуына қатысты.

1 ҚЫРКҮЙЕК

ҚР Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы Жарлығына сәйкес Білім күні атап өтіледі.

2001 жылы Қазақстан Республикасы мен Египет Араб Республикасы арасындағы екіжақты келісім негізінде «Нур-Мүбарак» Египет Ислам университеті құрылды.

2010 жылы Лондонның қалың ортасындағы Christie's аукцион үйінің басты көрме залдарында Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінен және жеке коллекциялардан жиналған экспонаттар апарылып, XX ғасырдағы қазақ және орыс халықтарының өнер көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің ашылуы Батыс Еуропада бірегей оқиға болды. Ол – әлемде баламасы жоқ нағыз шедеврлердің ауқымды экспозициясы еді.

2011 жылы Жанаезен қаласындағы «Бұрғылаушылар аллеясында» Қазақстанда алғаш рет мұнай-газ жұмысшыларына арналған ескерткіш ашылды. «Qazaqstan» ұлттық телеарнасы толығымен қазақ тілінде хабар таратуға өтті.

2014 жылы Астанада өңірдегі ең үлкен Қазақ ұлттық хореография академиясының құрылысы басталды.



1 қыркүйек – Білім күні

Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев: «Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп, аса құрмет тұтқан мұғалімнің мәртебесінің заманмен бекітілгені бұл сала мамандарының қоғамдағы орнын айшықтап берді. Бүгінде айлық-жалақылары жыл сайын артып келетін білім беру саласы қызметкерлеріне артылып отырған жауапкершілік жүгі де еселенді. Қабылданған заң аясында ұстаздың құқықтары кеңейіп, өзіне тән есебін жұмыстан

көзделмеген есептілікті не ақпарат талап етпейді. Осы заңнамада көрсетілмеген тексерулер жүргізілмейді. Жалақымыз ар жыл сайын 25 процентке өсуде. Одан бөлек, сынып жетекшілікке, дәптер мен жазбаша жұмыстарды тексергеніміз үшін қосымша ақы төленеді. Ғылыми бағыт магистр дәрежесі үшін де төлем жасалады. Тәлімгерлігі үшін де беріледі. Заң қабылданбай тұрғанда еңбек демалысымыз 42 күн болатын. Ал қазір 56 күндік ақы төленеді. Денсаулығын

Мұғалім мәртебесі – қоғамның бет-бейнесі

босап, жүктемесі азайды. Өйтпесе, кезінде ұстаздардың көше жағалап, тіпті тазалық жұмыстарына жетігенін ешкім жоққа шығара алмас. Бүгінде мерейі үстем мамандық иелерінің қоғамда лайықты орны Заңмен шегеленіп, оларға құрмет артты. Осындай құрметтің биік үдесінен шығып келетініне отыз жылдан аса уақыт болған Айжан Жұмабаевқызы Сырдария ауданындағы Иса Токтыбаев атындағы №35 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі, мектеп тренери, педагог-зерттеуші. Оның пікірінше, ұстаз мәртебесінің жоғарылауы, оларға деген қоғамның көзқарасын өзгерткен.

жаксарту мақсатында санаториялық курортқа жолдама 40 процент жеңілдікпен беріледі. Шәкірттеріміз «Алтын белгі» негері атанғаны үшін Нұр-Сұлтан қаласына барып, экскурсиялап келдім. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша балаларым да баспаналы болды. Педагог-зерттеуші санатын алғаным үшін лауазымдық жалақымыз 40 процент мөлшерінде қосымша ақы алып отырмыз. Бұрынғыдай сенбіліктерге шықпаймыз. Көше араламаймыз. Сайлаудың шақыру хаттарын таратып үй-үйге табанымызды тосырмаймыз, – дейді білікті ұстаз.



ген саналы көзқарасы. Ал ғылымға деген немісқайлы көзқарас қоғамның дамуын артқа тартып, көшімізді кенжелетінін сөзсіз. Білімнің негізгі іргесі осы бастауышта қаланатынын ескерсек, бұл да мұғалімнің мерейін асырып, асқатататын ерекше жайт. Қаламыздағы Абылай хан атындағы №140 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, жоғары дәрежелі сарашы ұстаз Әбілқасымова Тамашаның осы саладағы қызметіне 40 жылдай уақыт болды. Ол бұрынғы мұғалім мен қазіргіні айырмасы өте көп екенін айтады.

– Заманауи ақпараттық технологияны жетік менгерген ұстаздар күн сайын өзін дамытып отырады. Жаңа заманауи сай бүрнығы 18 сағат жұктеме, биялдан бастап 16 сағатқа ауысты. Қадірлі мамандыққа деген көзқарас жақсы жағына қарай өзгерді. Жоғары оқу орнына талпынған оқушылардың көбі педагогикалық бағытқа қарай түсуге тырысуда. Ертеде бұл мамандыққа ешкім қызықпайтын. Биыл «Әліппені» оқу бағдарламасына енуіне қатты қуандық. Біздің «Сауат ашу» пәні бойынша оқытқан оқушыларымыз қазір 10- сыныпты аяқтауда. Араға 10 жыл салып, сүйікті пәнімізбен қауышқанмызға ризамыз. «Әліппені» бала оңай қабылдайды, тез ұғып алады. Мен үшін бала тәрбиелеу – ең үлкен бақыт. Әр баламен жұмыс істеген сайын өз еңбегімнің жемісін көремін. Ал игере алмаса, мен кімнің өзімнен іздеймін, – деп ағынан жарылды ұлағатты ұстаз.

Елдегі пандемия жағдайына байланысты өзіндік ерекшелігімен есте қалған өткен оқу жылында білім сапасымен жоғары нәтижеге көл жеткізген білім ұялары аз емес. Олардың қатарында Арал қаласындағы Ж.Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицейі де бар.

Талапты ұстаздан талантты шәкірт шығады



Әлемді жайлаған індеттің кесірінен өткен оқу жылының онлайн форматта басталуы мұғалімдерге біршама күш салғаны белгілі. Мұндағы мақсат – еліміздегі төтенше жағдайға байланысты балаларымыздың денсаулығын қорғау болатын. Бұл ең оңтайлы шешім болғанымен, оның салмағы ең алдымен мұғалімдер мен ата-аналарға түскені анық. Дегенмен, мұғалімдер қауымының шеберліктерін ұштап, қиын сәтте жол табуға білуге шыдады. Жас ұрпаққа білім беру жолында мұғалімдер барлық қиындыққа төтеп беріп, өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқара білді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылы өзі қатысқан тамыз кенесінде Ұлттық бірінші тестілеуді балаларға ыңғайлы әрі барынша ашық өткізуге байланысты берген тапсырмасына сай, биыл бірінші тестілеу алғаш рет электронды форматта жүргізілді. Бұл формат ашықтықты барынша қамтамасыз етуге, қатысушыларға қолайлы жағдай жасауға көмектесті. Биылғы ерекшелікті ата-аналар мен балаларға жете түсіндіріп, ұйымшылдықпен, жауапкершілікпен жүргізген еңбектің нәтижесінде мектеп түлектерінің 5-еуі «Алтын белгі», ал 6-уы «Үздік аттестатты» иеленіп, үлкен жетістікке көл жеткізді.

Мұндай нәтижеге жетуде пән мұғалімдерінің еңбегі өлшеусіз. Мектеп-лицей ұжымы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Жаратылыстану» институтымен жасалған ынтымақтастық барысында бірлескен жобаларды жүзеге асыру, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, шығармашы мұғалімдер мен оқушылардың тәжірибеден өтуіне жағдай жасау, дарынды оқушылардың талантын ұштау мақсатында біріккен байқаулар мен олимпиадалар ұйымдастыру сынды шараларды өткізуді қолға алып, жаратылыстану бағытында жүйелі білім беруде жанашырлықпен еңбек етуде. Соның нәтижесі – география, биология және физика пәндері бойынша онлайн форматта өткізілген Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ізденімпаз ұстаздар арнайы сертификатқа ие болды. Сондай-ақ, Қызылорда облысының білім басқармасы мен Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетінің ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік биология пәнінің мұғалімі-2021» облыстық кәсіби байқауында биология пәнінің мұғалімі Ә.Діламағбетова I орынды иеленіп, облыс мұғалімдері арасында топ жарды.

Шәкірттер жетістігі де айтарлықтай. Еліміздің Тұңғыш Президенті-Елбасы қоры мен дарынды жастарды қолдауға бағытталған «Ел үміті» жобасында 11-сынып оқушысы Жанерке Қалиева «Елбасы медалін» иеленді. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы мен облыстық білім басқармасының «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен қашықтан өткізілген республикалық юниорлық олимпиаданың облыстық кезеңінде география пәні бойынша тәжірибелі мұғалім Л.Сәрсееваның шәкірті А.Бақытбекқызы I орынға ие болды. Міне, «балаланды күзде санайды» дегендей, мемлекеттік білім беру грантының конкурсына қатысқан 30 түлегіміздің 24-і қалаған мамандықтары бойынша еліміздегі жоғары оқу орындарының студенті атанып, ұстаздар қауымы мен ата-аналарды қуанышқа бөледі. Ұжымда ауызбірлік пен кәсіпке деген сүйіспеншілік, ұрпақ алдындағы жауапкершілік пен ізденімпаздық тілсе қосқан жерде жетістік те ілесе жүрмек.

Жаңа оқу жылы да қуанышты жаңалықтармен басталып отырмыз. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ұйымдастыруымен шахматтан Қазақстан Республикасының 10 жасқа дейінгі рапид түрінен өткен жекелей чемпионатында мектеп-лицей оқушысы Ақылжан Мейірханұлы ел чемпионы атанды.

Мемлекет басшысының оқушылар мен студенттердің дестүрлі оқу жүйесіне оралуын қамтамасыз етуге тапсыры баршамызды бір серпілтіп, білім берудің дестүрлі форматына оралу – қажетті шара. Мұғалімдер, оқушылар мен ата-аналар да бұл жаңалықты асыға күткені анық.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деген сөзі бар. Жас ұрпақтың түзесіздігіміздің туын еркін еткен жоғары ұстауы білім мен тәрбиеге байланысты. Сондықтан қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитетінің ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік биология пәнінің мұғалімі-2021» облыстық кәсіби байқауында биология пәнінің мұғалімі Ә.Діламағбетова I орынды иеленіп, облыс мұғалімдері арасында топ жарды.

Шәкірттер жетістігі де айтарлықтай. Еліміздің Тұңғыш Президенті-Елбасы қоры мен дарынды жастарды қолдауға

Жасулан АЙТЖАНОВ,
Ж.Әбдірашев атындағы №62 мектеп-лицей директоры,
Б.Алтынсарин белгісінің иегері,
Арал қаласы

ОНЛАЙН ОҚУ: Біз не үйрендік?

«Түсінбегесін көшіреді...»

Осы тақырыпты жазу барысында бірнеше ата-анамен пікірлесуге тура келді. Қала тұрғыны Жанар Абилова онлайн оқу кезінде балаларының оқу үлгерімі сәл төмендегенін айтты. – Бұрын тек 5-ке оқитын қызымның шындап тексергенде білім деңгейі 4-ке, тіпті 3-тік бағаға түсіп қалғанды көрдім. Өткен оқу жылында баға көтермелеп қойылды ғой. Мұғалімдер сабақ жібереді. Бірақ мектепке барып оқығанды болмайды. Тақырыпты кейде түсінбейді, түсінбегесін басқалардан көшіріп алады, – деді ол.

Қашықтан оқығаны ескеріліп, жазда түсінбеген тақырыптарын қайталауына мүмкіндік берілді. – Онлайн оқу мектеп оқытушыларына ғана емес, ата-ана, балаға да оңай болды дей алмаймыз. Қазір ата-аналар дестүрлі оқыту жүйесіне қуана келісуде. Өйткені интернеттің жүктемені көтере алмай, оқушылардың үй жұмысының кеш түскен жағдайлары кездесті. Білім сапасын жақсарту мақсатында оқылықтарды жою үшін жоспар жасалды. Өткен оқу жылының соңында балалардың игерілмей қалған тақырыптарды қайта қарап, білімін толықтыру үшін 26 мамыр мен 19 маусым аралығында «қазғы мектептер» құрылып, мұғалімдер қосымша сабақ берді. Дестүрлі оқу форматына қайта көшу барлығымыз да қуантуда. Мектептегі 150 мұғалімнен бөлек қосымша қызметкерлер де түгел екеп алды, – деді №212 мектеп-гимназияның директоры Бауыржан Ахмедияров.

Жаңа оқу жылында оқушылардың онлайн оқып келгені ескерілетін болады. Бұл туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов сұхбатында атап өтті. Айтуынша, енді кейбір сабақтарды онлайн өткізу, әртүрлі электронды құрылғыларды пайдалануға болады. Өткен жылы мұғалім, студент, оқушылардың цифрлық құзыреттілігі әлдеқайда дамылды. – Сондықтан біз 2020 жылы болған дестүрлі форматқа көшейміз, сол жылы жиган-терген тәжірибемізді жаңа технологияларды қолдана отырып, офлайн форматта қолданамыз. Ол нені білдіреді? Мысалы ЖОО-да кейбір пәндерді әлі осылай онлайн форматта өткізуге болады деген тұжырымдамаға келдік. Мектепте IT пәнінің теориялық бөлімін онлайн форматта өткізуге болады. Екіншіден, қашықтан оқығанда білім сапасында әртүрлі ақау болды, оны жасыра алмаймыз. Онлайн формат пен дестүрлі форматты салыстыруға болмайды. Біз жаңа оқу жылы бастағанда оқушылардың онлайн оқудан келгенін ескеруіміз керек. Сондықтан жаңа оқу жылының білім беру бағдарламаларын айымдеу арқылы бастайтын боламыз, – деді министр.



Министрдің айтуынша, жыл басында мұғалімдер оқушыларға сараптама жасайды. Алдыңғы оқу жылында бала қай тақырыптарды игермеді, соны анықтайды. Сол тақырыптарды қамтып, пысықтайды. Байқауымызша, министрлік баланың денсаулығын сақтаумен қатар, білім деңгейінің төмендеуіне де басымдық беріп отыр. Пандемияның оқу сапасына қалай әсер еткенін, нақты көрсеткішті білім ордалары зерттейтін болар. Дегенмен, он, теріс жылы болғаны жасырын емес. Айтпақшы, жуырда ғана өткен педагогикалық тамыз кенесінде облыстық білім басқармасының басшысы бытырғы онлайн оқыту мектептердің компьютерлік паркін жанартуға да септігін тигізгенін атап өтті. Осылайша компью-

терлер паркін 100% жанарту нәтижесінде бір оқушы санына шаққандағы компьютерлер көрсеткіші 14-тен 5-ке дейін төмендеген. Бастысы, бүгінде балалар үшін оңтайлы шешім шығарылды. Облыстағы барлық мектептер жаңа оқу жылына дайын. Білім ошақтары түгел «Ashyq» жүйесіне енгізілген, ертеңнен бастап оқушылар 5 сатылы дезинфекциялық тексерістен өтіп қана сабаққа қатысатын болады. Қазіргі ахуалға сәйкес, балалар қауіпсіздігі басты назарда тұр.

Халық ауыз әдебиетінің маңызы зор

Қазақ халқының педагогикалық элементтері, бай салт-дестүрі мен әдебиетінің келер ұрпаққа берер тәрбиесі мол. Соның ішінде халық ауыз әдебиетінің маңызы жоғары. Жазу-сызу болмаған кезде халықтың ой-арманынан шыққан әңгімелер, жұмбақтап айтқан сырлары, жаңылтпаштар, өткір тіл, ұшықар ойлан шыққан макал-мәтелдер, қиял-ғажайып ертегілер, т.б. баланың тілін, ой-өрісін дамытуда ерекше роль атқарады. Балалар ертегі тыңдап, бір-біріне жұмбақ жасырғанды, жаңылтпаш айтқанды, тұрмыс-салт жырларын тыңдағанды ұнатады.



Халық ауыз әдебиетінің салалары көп. Олар: ертегілер, жырлар, макал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, т.б. Осы салаларды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай және оларды жалықтырып алмай-тындай етіп, сана-сезімге әсер ету арқылы қызықтыра отырып бойларына сіңіру, әрі олардың тілдерін дамыту үлкен жауапкершілікті талап етеді хак. Өйткені сабы жастаң бастап балаларға ертегі тыңдатып, халық ауыз әдебиетінің элементтерімен сусындату келешек ұрпақ ойынның

ұшықарлығына, тілінің байлығына, сана-сезімінің өсіп-дамуына көп әсерін тигізеді. Баланың тілін дамытуда төрт түлік мал туралы макал-мәтелдер, жұмбақтар, өлең-жырлар ерекше орын алады. Балаларға төрт түлік мал мен олардың төлдері туралы айтып беру маңызды. «Көңілді еткенше» арқылы балаларды қызықтыра отырып ойындар ойнату барысында төрт түлік мал туралы қанатты сөздерді оңай үйретуге болады. Түрлі тәсілдерді қолдана отырып, бала-

бақшадағы балаларды әртүрлі ойындар арқылы сөйлетіп, тілдерін дамыта түсуге болады. 5-6 жасқа дейінгі балалардың суретті кітаптарды қызыға қарайтыны мәлім. Сондықтан оларға суретті айна кітапшаларды көрсетіп, мазмұнын айтып беру қолайлы. Бұл жастағы балаларға оқиғасы сәтті аяқталатын, қорқыныш сезімін тудырмайтын халық ауыз әдебиеті нұсқауларын жатқа айтып беріп, ойната тыңдату тиімді. Мысалы, «Бесік жыры», «Бауырсақ», «Мақта қыз бен мысық»

Отанын сүюге, елін қорғауға, өнерді игеруге, жалпы адам қиындықтарды бойына сіңіруге септігін тигізеді. Сонымен қатар баланың сөздік қорын да молайтуда қызметі өте зор. Ой-өрісі дамып, сөздік қоры молайған баланың айтар ойы да, істер ісі де өнегелі болмақ. Демек, бала тілін дамыту қоғам дамыған сайын күнделікті қажеттілікке айнал береді. Оның үстіне, еліміз егемендік алғалы бері мемлекеттік тілде сөйлеу, оның оқыту әдістемесін жетілдіру – әдіскер ғалымдардың зерттеуінен түспей, назардан тыс қалмай жүрген мәселелердің бірі. Қазақ халқының ауыз әдебиеті жанрларындағы ертегілерді оқыту барысында балалардың тілін дамыту – маңызды іс.

Әйгерім БИБАЗАРОВА,
№5 «Шаттық» мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиешісі,
Қызылорда қаласы

